Бекітемін:
№7«Балдырған» санаториялық бөбекжай- балабақшасы, КММ меңгерушісі :
Ә.Ж.Нұрмағанбетова

# «Ана біздің күніміз»

## «Күншуақ» ортаңғы тобы

**Музыка жетекшісі: Марат Роза**
**Тәрбиешілер: Садыкова Жадыра**
**Ерназар Гүлсім**
**Баймағамбетова М**

**2024 жыл**

**Анықтама**

## Тақырыбы: «Ана біздің күніміз»

**Мақсаты:** Балаларға көктем туралы, 8- наурыз мерекесі туралы түсінік беру, отбасындағы ананың орнын, анаға деген құрметті ұғындыру. Мерекелік көңіл – күйін құру, ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

**«Күншуақ» ортаңғы тобы**
Күні: 05.03. 2024 ж
Бала саны: 23 бала

**Музыка жетекшісі: Марат Роза**
**Тәрбиешілер: Садықова Жадыра**
**Ерназар Гүлсім**
**Баймағамбетова Майра**

## «Ана біздің күніміз»

**Мақсаты:** Балаларға көктем туралы, 8- наурыз мерекесі туралы түсінік беру, отбасындағы ананың орнын, анаға деген құрметті ұғындыру. Мерекелік көңіл – күйін құру, ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Ортаға көктем шығады, қолдарындағы гүлдерін ортаға шашып тастайды

**Көктем:** Көктем қандай көңілді,
Күміс жаңбыр төгілді
Мөлдір аспан ашылып,
Күн пердесі сөгілді
Жыршы құстар көп келді,
Гүлдер жапты бөктерді.
Кел, балалар әнменен,
Қарсы алайық көктемді.

Балалар жүгіріп келіп гүлдерді теріп алады да, билеп келіп орындарына тұрады. (Көңілді музыка қойылады)

**Көктем:** Мен көңілді көктеммін,
Сендерге келіп жеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың,
Басына тал егемін.
Шуағын төгіп әлемге
Жылуын күннің әкелдім!

**Хор: «Көктем келді»**

**Жүргізуші:** - Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке!

**Көктем:** Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Ару - ана, Ару - асыл жар, Ару – көңілдің гүлі, Ару - өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Олай болса, бүгінгі «Күншуақ» ортаңғы тобының аналарға, әжелерімізге арналған **«Ана – біздің күніміз» атты** ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Мерекемізге жылы лебізін білдіру үшін ортамызға Эльмира Жалпақбайқызын шақырамыз

**Жүргізуші:** Ана деген өмірдегі ұлы есім,
Бақ тілесе анадай-ақ тілесін.
Ана деген ардақты ат,сен оны,
Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

**Хор: «Айналайын ақ мамам»**

**Жүргізуші:** - «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» - деп бекер айтылмаған. Біздің әжелеріміз аман болсын. Ал қане балалар әжелерімізге арнап қандай тақпақ айтамыз.

**Фарида:** Әже біздің гүліміз,
Әженің біз күніміз.
Немарені қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

**Илияс:** Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді.
Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.

**Әмірхан:** Менің әжем, бұл әже
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әже

**Ринат:** Ақ жаулықты әжемді,
Ай жүзіне теңедім.
Мейірімін таусылмас,
Күн нұрына теңедім .

Келесі сіздерге арналады құрметті әжелер.

**Жеке ән: «Әжемнің шәйі»** Інжу, Арсен, Аяна

**«Саксафоншылар» биі**

**Жүргізуші:** Армысың әжелерім, аналарым,
Мейірбан аппақ көңіл даналарым.
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,
Құттықтайды сіздерді балаларың

**Әдия:** Мерекесі бүгін
Алтын анамның
Сыйлайыншы гүлін
Жарқын даламның

**Рамазан:** Күлімдеген көзі
Күннің нұрындай
Ұлым деген сөзі
Ақын жырындай

**Әлия:** Анашым анам,
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды болам

**Әлинұр:** Анашым анам,
Ыстықсың маған.
Тәрбие бердің,
Көп алғыс саған.

**Сұлтан:** Ана, ана, анасың,
Әркашан маған данасың.
Ақ сүт беріп өсірдің,
Түн ұйқыңды төрт бөліп,
Ризамын саған анашым!

**Жеке ән: «Ақ мамам» Көзайым**

**Жүргізуші:** Баганадан бері аналарымыз, әжелеріміз біздің өнерімізді көріп жатыр, ал енді аналардың да өнерін көрсек қалай болар екен? Оған қалай қарайсыздар.... Олай болса ортамызға Артём баламыздың анасы Шаттықты қошеметтеп карсы алайық.
Шаттық анымыздың орындауында «Анашым» әнін қабыл алыңыздар.

**«Кемпіркосақ» биі**

**Ойын: «Кім жылдам»**

**Жеке ән: «Анашым анам» Ясина**

**Хор: «Айналайын ақ мамам»**

**Көктем:** Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен кешімізді аяқтайық
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі **«Ана біздің күніміз»** атты ертеңгілігіміз аяқталды.

**Жүргізуші:** Құрметті көрермендер, Аяулы да ардақты аналар! Бүгінгі айтылған әдемі әндер мен әсем билер және жақсы тілектер тек сіздерге арналды. Ертеңгілігіміздің соңында бүлдіршіндердің өздерінізге арнап жасаған сыйлықтарын қабыл алыңыздар. Ал біз ертеңгілігімізді тамаша әуенімен аяқтаймыз. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!


«Ана біздің күніміз»

Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай - балабақшасы, КММ-і меңгерушісі
Э.Ж.Нұрмағанбетова

# «Ана-өмір шуағы»

## «Құлыншақ» ересек тобы

**Тәрбиеші: А.Мамбетова**
**З.Изенова**

2024 жыл

**«Ана – өмір шуағы»**

**(Көңілді әуен ойналады)**

**Жүргізуші:** Көктем келді! Көктем келді!
Жадыраған, жайнаған
Шашыраған сәулесімен
Жасыл көктем жайнаған.
Армысың әжелерім, аналарым,
Мейірбан, аппақ көңіл даналарым.
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,
Құттықтайды сіздерді балаларың!

- деп бүгінгі «Құлыншақ» ересек тобының «Ана-өмірдің» шуағы» атты ертеңгілініне қош келдіңіздер! Ендеше біздің балғын бүлдіршіндерімізді кошеметпен қарсы алайық!

**Жүргізуші:** Көктем! Қуаныштың ізгі лебі! Көңілді жадыратып, жүректерге жылылық ұялатар керемет мезгілде ерекше мереке бар. Ол – аналар мерекесі!

Қымб атты әріптестер, аналар, сұлу қыздар! Сіздерді төл мерекелеріңіз құттықтаймыз!

Ертеңгілігіміздің алғашқы сөз кезегін балабақша меңгерушісі Эльмира Жалпақбайқызының жылы лебізімен бастасақ.

**Хор:** «Көктем»

Жүргізуші: Балалар, көктем мезгілі қандай керемет! Сендердің көктем мезгіліне арнаған қандай әдемі тақпақтарың бар?

**Тақпақ**

Күн шуағын шашады
Жауын да жауып алады
Көктем келіп жеткенде
Ағаштар бүршік жарады **Ясина**

Көктем болды алақай
Қуанар барлық балақай
Көктемде жаңбыр болады
Бақшаға гүлдер толады **Жанерке**
Кетті қысқы ызғар
Еріп жатыр мұздар
Мерекеңіз бүгін
Қызғалдақтай қыздар **Зиннұр**

**Жүргізуші:** Бүгінгі Жанерке қызымыздың көктем мезгіліне арнаған керемет ән шашуы бар екен. Қабыл алыңыздар!
**Жеке ән:** «Гүлдер, гүлдер» Жанерке

**Жүргізуші:** Ұзақ өмір жасай берсін аналар!

Аналарын қадірлесін балалар!

Шаңыраққа шаттық нұрын сыйлайтын

Аман болсын, аман болсын аналар!

**Би:** «Анаға сый»

**Жүргізуші:** Әжелерін жақсы көреді

Ылғи еріп жүреді

Мерекемен құттықтап

Əн де шырқап береді.-дей отыра құрметті біздің бүлдіршіндеріміздің асыл әжелері! Бүгінгі айтылар жақсы тілектер, шырқалар әндердің барлығы сіздер үшін.

**Хор:** «Әжетайым»

**Тақпақ**

Менің әжем гүл әжем
Алтын әжем күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз ана тілі әжем **Томирис**

Ақыл-ойдың мекені
Ата, әже бар менде
Айтып түрлі ертегі
Аялайды әнмен де. **Мақсат**

Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем
Тентектікті кешірген
Балдай тәтті бал әжем **Еркеназ**

**Жүргізуші:** Көп рахмет балалар! Ал енді біздің сұлу қыздарымыздың әжелеріне арнаған «Әжем айтқан ертегі» әнін қабыл алыңыздар!

**Жеке ән:** «Әжем айтқан ертегі» Еркеназ, Томирис

**Жүргізуші:** Құрметті асыл әжелер, асыл аналар, сұлу қыздар! Бүгін керемет күн! Көктем мезгілінде біздің қыздарымыз құлпырып, әдемі болып, ерекше көңілкүйде жүреді. Endеше тобымыздағы ұлдардың қыздарға арнаған керемет ән шашуын қабыл алыңыздар!

**Жеке ән:** «Қыздарай» Абай, Әлинұр,Димаш

**(Ата-анаға тілек беру)**

**Би:** «Полька»

**Жүргізуші:** Ана дейміз бәріміз де аңқылдап

Ана дейді жас сәбиде жарқылдап
Ана деген бәйтерегі өмірдің.
Ана деген алтын қазық,алтын бақ.
-Бүгінгі мерекеде біздің балаларымыздың аналарына деген қандай лебіздері бар екен!
**Тақпақ**
Әлпештеген, аялаған,
Айналайын апатайым! **Нұриман**

Ана біздің гүліміз
Ана біздің күніміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз. **Інжу**

Апам мені айым дейді,
Мен мұңайсам уайым жейді.
Апам мені күнім дейді,
Мен қуансам күлімдейді. **Айым**
**Жеке ән: «Ақ мамам» Жасмин, Ясина**
**Вальс**
**Жүргізуші:** Шалқып-тасып әніміз,
Жадырасын жанымыз.
Ана, сені құттықтап,
Әндетеміз бәріміз.
**Хор:** «Ана деп ән салам»

**Анықтама**

**Тақырыбы:** «Ана-өмірдің шуағы»

**Мақсаты:** Балаларға көктем мезгілі туралы түсініктерін арттыру, отбасында ананы сыйлауға, кадірлеуге, мейірімділікке тәрбиелеу. Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Күні:** 11.03.2024ж

«Құлыншақ» ересек тобы

Бала саны: 22

**Тәрбиеші:** А.Мамбетова

З.Изенова







"Құлыншақ" ересек тобы





Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай - балабақшасы, КММ меңгерушісі:__________
Э.Ж.Нұрмағанбетова

# «Армысың, алтын күз!»

**«Құлыншақ» ересек тобы**

**Тәрбиешілер:** Б.Бекмұрза
А.Мамбетова

2023-2024 оқу жылы

**Анықтама**

**Тақырыбы:** «Армысың, алтын күз!»

**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл-күй орнату, балаларды ән салуға, би билеуге қызығушылықтарын, бейімділіктерін арттыру, түрлі іс-әрекеттерге тарту. Шығармашылық ой қиялдарының дамуына ықпал ету.

**«Құлыншақ» ересек тобы**

Күні: 10.11.2023ж

Бала саны: 22 бала

Музыка детекшісі: Марат Роза

Тәрбиешілер: Б.Бекмұрза

А.Мамбетова

**Тақырыбы:** «Армысың, алтын күз!»

**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл-күй орнату, балаларды ән салуға, би билеуге қызығушылықтарын, бейімділіктерін арттыру, түрлі іс-әрекеттерге тарту. Шығармашылық ой қиялдарының дамуына ықпал ету.

(Әдемі әуенмен балалар залға кіреді)

**Жүргізуші:** Күз дегенің ақындардың дастаны,
Қандай ғажап, бейбіт күннің аспаны.
Бізбен бірге болыңыздар бәріңіз,
Алтын күздің той думаны басталды.

Қымбатты ата-аналар, апайлар, біздің балғын бүлдіршіндер! Молшылық пен ырыс берекені алып келетін күз мезгілі қандай тамаша! «Құлыншақ» тобының «Армысың, алтын күз!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Ертеңгілімізді балабақшамыздың меңгерушісі Эльмира Жалпақбайқызының жылы лебізімен бастасақ.

Жапырақтар түсіп жатыр сап-сары,
Көкжиекте күн шуағы атады.
Жеміс пісіп, жиып-теріп болатын,
Неткен ғажап алтын күздің ақ таңы.
**Хор:** «Алтын күз»
Жапырақтың сарғайғаны,
Келген күздің сәні ме.
Қайтқан құстың шалғайдағы,
Сыңсып салған әні ме –деп Еркеназ, Ясина қыздарымыздың ән шашуын қабыл алыңыздар!
**Жеке ән:** «Жапырақ» Еркеназ, Ясина
**Тақпақтар**
Қарашы күз келді,
Ол молшылық береке.
Қысқа азық беретін
Күзім жомарт кең екен. Жанерке

Күз сиқырлы ханшайым
Бізге келер жыл сайын
Жеміс жидек көкөніс
Бәрі пісіп тұр дайын. Абай

Күз келіпті дегенше,
Алма пісті дегейсің.
Бақшамызда ендеше
Алма теру көбейсін. Ерасыл
**Би: «Қолшатыр»**
**Жеке ән: «Күз» Жанерке**

**Тақпақтар**

Береке құт дарыған
Жомарт көңіл Алтын күз
Келер қыстың алдынан
Жарқыраған жарқын күз    Томирис
Алтын күзде ризамыз
Ризығы мол кез екен
Қамба толы астыққа
Міне шаттық береке    Ясина

Құстар ұшса жылы жаққа
Күз келгенін біліңдер
Күн суытып жел соғады
Жылы киініп жүріңдер.    Еркеназ

Күз жақсы дәрумен
Сап-сары сәнімен
Осындай даланы
Көрмедім әлі мен    Ж.Әлинұр

**Жүргізуші:** Қараңыздар! Сүйкімді ғой өздері. Бірі жеміс, бірі көкөніс боп әдемі ғой мөлдіріген көздері. Билеп берсін, қолдап отыр сіз оны.
**Би: «Бақша»**
**Ғажайып сәт:** Күз ханшайымының келуі
**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіздер ме балалар! Мені таныдыңдар ма?
Армысың балалар
Мен алтын күз ханшайымы.
Байлығымды арқалап.
Келем сізге жыл сайын.
Ой қандай әдемісіңдер! Барлығың да өнерлі екенсіңдер! Мен құр қол келген жоқпын. Сендердің білімдеріңді сынау үшін «Кім зейінді деген ойын ала келдім. Мына себетте әр түрлі күз мезгілін бейнелейтін сурет қиындылары бар. Егер дұрыс құрастырсаңдар әдемі күз мезгілін бейнелейтін сюжетті сурет шығады. Қане араларыңда зейінді балалар көп шығар. Ойынға кім шығады?
(Әдемі әуенмен балалар күзгі сурет құрастырады)
-Жарайсыңдар балалар! Өте әдемі сурет шықты. Бәрекелді, риза болдым. Сендерге себет толы жемістерімді де ала келдім. Апайларыңа табыстайын. Өздеріңе бөліп береді.
**Жүргізуші:** Рахмет сізге күз ханшайымы! Балаларды қуанттыңыз. Енді бізбен бірге болып, балалардың өнерін тамашалаңыз!
**Ханшайым:** Жарайды!
**Жүргізуші:** О Алақай тамаша!
Шашу шашты жапырақ
Бақтың іші алаша
Аунар ме едім жатып ап.

**Би:** «Ағаш пен жапырақтар» биі
**Жеке ән:** «Күз» Абай, Дінмұхаммед
**Тақпақтар:**
Жапырақтың сарғайғаны.
Келген күздің сәні ме
Қайтқан құстың шалғайдағы
Әлде салған әні ме Зиннұр

Жеміс-жидек пісіп жатыр бау-бақта,
Жапырақтар ұшып жатыр жан жаққа Айым

Келді міне қоңыр күздің самалы
Бұлттар төніп, күн суытты шамалы.
Алтын күзім берекелі болады
Қамба біткен ақ бидайға толады. Дінмұхаммед
**Би:** «Күзгі вальс»
**Хор:** «Күз тамаша»






«Қош келдің, алтын күзім берекелі!»






Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай- балабақшасы,КММ
меңгерушісі: ________
Э.Ж. Нұрмағанбетова

# «Арулардың аруы-менің Анашым!»
## «Балдәурен» ортаңғы тобы

**Тәрбиешілер: Беденова Г**
**Үмертаева М**
**Душанова А**

**Наурыз 2024ж**

**Анықтама**

**Тақырыбы: «Арулардың аруы-менің Анашым!»**

**Мақсат-міндеті:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.
Ана жайлы әндер,тақпақтар айту арқылы аналарды мерекемен құттықтау. Әжесіне, анасына деген құрмет сыйын арттыру, балаларды мейірімділікке, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

**Күні:** 06. 03. 2024 ж

**Қатысқаны:** 22 бала

**Тәрбиешілер:** Беденова Г, Душанова А, Үмертаева М

**:**

**Тақырыбы: «Арулардың аруы-менің Анашым!»**
**Мақсаты:**Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Ана жайлы әндер,тақпақтар айту арқылы аналарды мерекемен құттықтау. Әжесіне, анасына деген құрмет сыйын арттыру, балаларды мейірімділікке, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.
**Қыздар фонда әр түрлі қимылдар жасап отырады.**
Айгүлдің әні **«Сыңғыр-сыңғыр»**
**Вальс биі** (Барлық бала )
**Тәрбиеші:**
-Ой балалар, қандай әдемі болып кеткенсіңдер!
-Қыздарымызда гүлдей жайнап, құлпырып кетіпті.
-Олай болса, көңіл-күйлерің қалай?
-Не себепті осыншама құлпырып әдемі болып кеткенсіңдер?
-Себебі көктем келді.
-Я, дұрыс айтасыңдар, себебі даламызға жайнап, жасарып, құлпырып көктем келді.Көктеммен бірге алғашқы мерекеде келіп қалды.
-Ол кімдердің мерекесі деп ойлайсыңдар?
-Әжелеріміздің мерекесі
-Аналарымыздың мерекесі.
-Апайларымыздың, қыздарымыздың мерекесі.
**Тәрбиеші:**
-Дұрыс айтасыңдар, бүгін аналарымыздың мерекесі,гүлдей жайнаған көктемнің мерекесі!Ендеше алғашқы әніміз көктем туралы болмақ.
**Хор: «Көктем»**
**Тәрбиеші:**
-Бүгінгі **«Арулардың аруы-менің Анашым!»** атты ертеңгілігіміздің алғашқы беташар сөзін балабақшамыздың меңгерушісі Эльмира Жалпақбайқызына береміз.
**Тәрбиеші:**
-Балалар, сендерге айналайын деген сөзді көп айтып,маңдайларынан сүйетін кім?
-Ал ұйықтайтын кезде қызық ертегі айтып беретін кім екен?
-Олай болса сендер әжелеріңді жақсы көресіңдерме?
-Иә, жақсы көреміз.
-Ендеше кім әжесіне арнап тақпақ айтып береді?

**Тақпақтар:**

**Әмина:**

Әжемді жақсы көремін
Өлең айтып беремін
Үлкен болып өскенде
Бәрін алып беремін.

**Мүсілім:**

Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем,
Тентек болсам кешірген,
Балдай тәтті бал әжем,

**Нұрлыбек**:

Құшағында өстім мен
Жақсы көрем әжемді
Ұқсамайды ешкімге
Ғажап адам өзі енді

**Әлихан:**

Менің әжем гүл әжем
Алтын әжем, күн әжем
Анам үшін, мен үшін
Нағыз ана тілі әжем.

**Сырғалым:**

Тірегі болып жанында
Бірге еріп жүремін
Жанашырым жанымда
Тек әжем деп білемін.

**Алтынай:**

Ақыл-ойдың мекені
Ата, әже, бар менде
Айтып түрлі ертегі
Аялайды әнменде

**Мансұр:**
Әже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі.
Қандай ғажап күлкісі

**Әли:**
Әжем менің әліде,
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді
Біздің үйдің бәріне!

**Тәрбиеші:**
Біздің кішкентай бүлдіршініміз ақыл-ойдың мекені бола білген әжелеріне арнап ән айтып береді. Сырғалымның орындауынан
«Менің әжем» әнін қабыл алыңыздар.

**Жеке ән: «Ақ әжем»**

**Би: «Гүлдер»** (қыздар билейді)

Тәрбиеші:
Тағыда өзінің аяулы әжесіне арнап Әмина қызымыз **«Менің әжем тамаша»** әнін орындап береді.

**Тәрбиеші:**
-Балалар, ең аяулы, ең ардақты, мейірімді жан кім деп ойлайсыңдар?
-Анамыз!
-Ендеше өз аналарыңа арнап не айтар едіңдер?

**Тақпақтар:**

**Мадина:**
Ана біздің күніміз
Ананың біз гүлімiз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз.

**Нұрасыл:**
Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін

Анамызды ардақтап
Басымды оған иемін

**Нұғыман**
Анашым, анашым
Өзің маған панасың
Менің сізге тілегім
Қартаймашы анашым!

**Сұлтанәли**
Анашым менің, анашым
Әркашан маған данасың

**Ибрагим**
Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін

**Шұғыла:**
Айналайын анашым
Көкте күн боп жанасың

**Сафия**
Бал бөбегін баптаған
Анам үшін мақтаным
Аялайтын біздерді
Көп жасасын ақ мамам!

**Рамазан:**
Жылылықтан жаралған
Құшағы оның тан мекен
Менің айдай анамнан
Асқан сұлу бармекен
**Хан:**
Жақсы көрем анамды
Толтырған менің санамды

Мынау жарық дүниеге
Әкелдің қымбат анамды

**Кәусар**
Бізді өсіріп баптаған,
Айналайын ақ мамам
**Айару**
Жақсы көрем күлкілі
Айналайын ақ мамам
Менің анам сүйкімді
Бәрінен де жақсы анам

**Парасат**
Мама, мама, мамашым
Сені жақсы көремін

**Қарақат:**
Ақ сүт беріп өсірген
Айналайын анашым

**Анель**
Құтты болсын мерекең!
Құттықтаймын анашым

**Тәрбиеші:**
-Біздің сүйкімді бүлдіршініміз, анасының қолқанаты, қамқоршысы бола білген Сафия қызымыздың орындауынан **«Қалсын апам қуанып»** әнін қабыл алыңыздар
**Ойын:** (ата-аналармен көңілді би )
**Тәрбиеші:**
Өз аналарына құттықтау тілегін әнмен жеткізгісі келетін Нұрлыбек пен Алтынайды **«Құттықтаймын мама,туған күніңмен!»** әнімен қарсы алыңыздар.
***Жеке ән: «Құттықтаймын мама,туған күніңмен!»***
**Тәрбиеші:**

-Бәрімізді тәтті тілдерімен,тәтті қылықтарымен қуантып жүрген әрдайым оларға «көптимесін» айтып жүретін жігіттерімізді «Тіфәй-тіфәй» әніне биге шақырамыз.

**Би: «Тфәй-тфәй»** ( соңында қыздарға сыйлықтары беріледі)

**Хор: «Анашым»**

**Балалар хормен:**

-Арулардың аруы сенің анашым!

(Осы кезде аналарына сыйлықтары беріледі )









## «Арулардың аруы-
## менің Анашым»

«Балдәурен» ортаңғы тобы



# Анықтама

**Тақырыбы: «Бақытты Қазақстан!»**

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Өлең жырларын айту арқылы тілін дамыту.Өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, қимыл-қозғалыстарын дамыту.Өз Отанын сүюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, еліне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

**Қатысушы топ:**« Балдәурен» ортаңғы тобы
**Күні:** 23.10. 2023 ж
**Қатысқаны:** 22 бала
**Тәрбиешілер:** Беденова Г, Үмертаева М

Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай- балабақшасы,КММ
меңгерушісі:____________
Ә.Ж. Нұрмағанбетова

**«Бақытты Қазақстан!»**
**«Балдәурен» ортаңғы тобы**

**Тәрбиешілер: Беденова Г**
**Үмертаева М**

**Қазан 2023ж**

**Тақырыбы: Бақытты Қазақстан!**

**Мақсаты:**

Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Өлең жырларын айту арқылы тілін дамыту.Өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, қимыл-қозғалыстарын дамыту.Өз Отанын сүюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, еліне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

**Балалар музыкамен жалауша ұстап залға кіреді.**

**Жүргізуші:**

Елім менің!
Қазақстан-менің туған анамсың!
Өзгеде жоқ, өзімде бар данамсың.
Кеңдігіңмен, молдығыңмен момақан,
Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.

-Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер!

-Баршаңызды 25-қазан Республика күні мерекесімен құттықтаймыз!

Бақыт, бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дүбір әні
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Әнұраны!

**Қ. Р. Гимні орындалады.**

**Жүргізуші:**

Жарқырап жанған күндей азаттығы
Көрінер ұлтымнында ғажаптығы
Республика күнімен құттықтаймыз
Өйткені ол-Ұлт күні, қазақ күні!- дей келе бүгінгі Республика күніне арналған «Бақытты Қазақстан» атты «Балдәурен» ортаңғы тобының ертеңгілігінің алғашқы беташар сөзін балабақшамыздың меңгерушісі Эльмира Жалпақбайқызына береміз.

**Жүргізуші:**

-Балалар білесіңдерме, сендер қай елде тұрасыңдар?

-Қазақстанда тұрамыз.

-Біздің ұлтымыз қандай?

-Ұлтымыз қазақ

-Еліміздің рәміздерін айтып бересіңдерме?

-Ту, елтаңба, Әнұран.

- Жарайсыңдар балақайлар!

-Еліміздің бақытты ұл-қыздары екендеріңді дәлелдеп бәріміз ән айтып берейік.

**Хор: «Қазақстан»**

**Жүргізуші:**

-Балалар, Отан деп нені айтамыз?

-Елімізді, жерімізді, ауылымызды айта алады екенбіз.

-Олай болса елімізге, жерімізге арнаған тақпақтарымызды айтып берейікші.

**Тақпақтар:**

**Нұрасыл:**

Сарқылмайтын қуатым!
Тірегімсің Қазақстан!
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің Қазақстан!

**Сафия:**

Білімнен жұпар жинаймын
Еліме бақыт сыйлаймын
Жүрекпен сүйіп Отанды
Жүректен мәңгі жырлайын

**Айым:**

Отан-біздің анамыз
Әлпештеген, өсірген
Өмір нәрін аламыз
Оның жұпар төсінен

**Әлихан:**

Алтын дәнді даласы бар
Ақ күмістей қаласы бар
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем!

**Хан:**

Отан сенің ата-анаң
Отан –досың,бауырың
Отан-өлкең, Астанаң
Отан-туған ауылың\

**Ибрагим:**

Жерімізді сүйеміз
Елімізді сүйеміз
Қазақстан, Қазақстан
Бұл менің Отаным!

**Жүргізуші:**

-Отанымыздың ертеңі, кішкентай жас өркені бақытты бүлдіршіндеріміздің орындауынан «Отанның жас өркені» әнін қабыл алыңыздар.

**Жеке ән: «Отанның жас өркені»**

Орындайтындар: Нұрлыбек пен Алтынай

**Жүргізуші:**

Тағыда біздің бүлдіршіндер өз Отанына деген лебіздерін тақпақ арқылы жеткізгісі келеді.

**Нұғыман:**

Отанымның ертеңі
Бүгінгі жас өркені
Біз бақытты баламыз
Өмірлері ертегі

**Мүсілім:**

Біз бақытты баламыз
Бақшаға біз барамыз
Ұқсамайтын ешкімге
Әрқайсымыз дарамыз.

**Алтынай:**

Отан деген-атамекен
Отан деген-туған жер
Отан-ана
Отан-үлкен
Қазақстан-туған ел!

**Нұрлыбек:**

Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды.

**Әмина:**

Елтаңбасы елімнің
Неткен көркем әдемі
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі

**Рамазан:**

Құт береке-шаңырақ
Орын алған ол төрден
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген

**Жүргізуші:**

Біздің кішкентай бүлдіршіндер мәпелеп өсірген ата-анасына кішкентай жүрегімен балалық әнін жолдайды

**Жеке ән: «Топ-топ балақан»**

Орындайтындар: Сафия мен Айым

**Біздер үйдің күніміз**
**Біздер үйдің гүліміз**
**Ата анаға қуаныш**
**Біздің әсем үніміз**

**Аман болсын анамыз**
**Аман болсын панамыз**
**Аман болса екеуі**
**Жұлдыз болып жанамыз**

**Біздер үйдің сәніміз**
**Біздер үйлің нәріміз**
**Әр күн бірге қосылып**
**Ән саламыз бәріміз**

**Ойын: «Қалықта, ақ көгершін»**

(Сұлулықтың, бейбітшіліктің символы бола білген ақ көгершініміз аспанымызда мәңгілік қалықтасын,қанаты талмай ұша берсін)

**Жүргізуші:**

«Ән-көңілдің ажары»- демекші,тағыда әсем әнге кезек берейік.

**Жеке ән: «Әніміз бар тамаша»**

Орындайтындар: Әлихан, Нұрасыл, Хан

**Би: «Қазақстан жалауы»**

(Нұрлыбек,Алтынай, Мүсілім, Әмина, Нұғыман, Шұғыла, Рамазан, Сафия)

**Жүргізуші:**

Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің!-дей отырып аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын дегім келеді.

**Хор: «Күн сәулелі-қазақстан!»**

## №7 «Балдырған» санаторийлық бөбекжай-балабақшасы







«Бақытты Қазақстан»

«Балдәурен» ортаңғы тобы







**Бекітемін:**
**№7 «Балдырған» санаториялық**
**бөбекжай – балабақшасы**
**коммуналдық мемлекеттік**
**мекемесінің меңгерушісі:**
**___________ Э. Ж. Нұрмағанбетова**

# «Бақытты балалақ шақ» атты балаларды қорғау күніне арналған мерекеліс ертеңгілік сценарийі

**Жауапты музыка жетекшісі: Марат Ро**

**30.05.2024ж**

## Анықтама

**Тақырыбы: «Бақытты баламыз» Балаларды қорғау күні мерекесі**

**Мақсат-міндеттері:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлауда жеке қасиеттерін дамыту: тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре орындау, сурет салу шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Бір-бірін сыйлауға адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу. Ұжымдық ойындарда белсене араласып, ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.

**Топ:** <u>**Барлық топ балалары мен тәрбиешілері**</u>
**Күні: 30 мамыр 2024 жыл**

**«Бақытты балалақ шақ» атты балаларды қорғау күніне арналған мерекеліс ертеңгілік сценарийі**

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлауда жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре орындау, сурет салу шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу. Ұжымдық ойындарда белсене араласып, ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.

Армысыңдар балалар, бармысыңдар,
Жаз да келді, жайнаған гүлді шыңдар
Алдыменен алайық амандасып,
Армысыздар бәрің де, бармысыздар!

Қайырлы күн, қадірменді апайлар, қонақтар, ата-аналар және бүлдіршін балалар!

Сүйкімділер, періштелер сендерсің,
Қандай бейне өздеріңе тең келсін!
Данышпан да, ғарышкер де, ғалымда,
Ең алдымен балалықты меңгерсін.
Иә, рас, бала болған бәрі де,
Салған олар балалықтың әнін де.
Бала кезін еске алып отырсақ,
Сол емес пе тіршіліктің мәні де! -дей келе, « Бақытты балалық шақ» атты бүгінгі мерекеміздің және жазғы демалысымыздың ашылуына арналған салтанатты жиынымызды тамашалауға қош келдіңіздер!

Қазақстан тәуелсіз ел екенбіз,
Жоғалмасын ешқашан берекеміз.
Шын ниетпен сендерді құттықтаймыз,
Құтты болсын, балалар мерекеміз!

1- маусым 1950 жылдан бастап –Халықаралық балаларды қорғау күні болып атап өтіліп келеді. Бізде бүгін екі мереке, балалар күнімен қатар келген жазғы демалыс меркесі, олай болса құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың әдіскері Клара Тоғамысқызына береміз.

Арманы бір, үні бір,
Аға ардақты, іні бір,
Бақыт туын көтерген,
Балалардың күні бұл.
Бала бағы бар елдің,
Гүлмен келсін келер күн,
Балалардың күлкісі,
Көркі, сәні әлемнің - келесі кезекті өз өнерлерін көрсету үшін Бөбек және Бүлдіршін топтарына береміз **«Көңілді күн» биімен қарсы алайық.**

Бірінші маусым балалар,
Қорғайтын күн сендерді,
Нұр кіреді далаға,
Гүл көмкеріп белдерді – Алтын кілт тобының гүлдерін қабыл алыңыздар!

- Бүгінгі мерекеміз жан-жақты ойын түрлерінде ұйымдастырылып отыр, олай болса таныстырып өтейін:

1. «Сурет салу мольбертпен» Логопед Кажамуратова А
2. «Асфальтка сурет салу» психолог Тлеубергенова М
3. «Спорттық ойын» дене нұскаушысы Төменбай А

- Барлық қатысушы балаларға сәттілік тілейміз.

**Ойын: «Мен айтқан.......»**

1. Себетте бір-бір сөзден жазылған кішкентай қағаздар салынған. Мысалы, күн, гүл, жер, ту, тб. Әрбір ойыншы кезекпен қағазды алып, сонда жазылған сөз кездесетін өлең не ән айтуы керек.

Бүгінгі еліміздің қырмызымыз,
Арайлы болашақтың ұл қызымыз.
Арасын жер мен көктің жалғайтұғын
Қанаты жарқыраған жұлдызымыз – деп кезекті **Күншуақ тобының бүлдіршіндеріне кезек береміз**

**«Топ-топ балақан» әнімен Алмас Көзайым**
**«Шар» әнімен Алтынбек Аяна және Ислам Ясина**

**Тақырыбы: Тапқыштар**
**Мақсаты:** Әр түрлі тақырыптағы астарлы сұрақтарға жауап іздеу арқылы қатысушылардың логикалық ойлауын дамыту.

**Тапқырларға арналған әзіл викторина**:
1. Елекпен су тасуға болады ма? *(болады, мұз күйінде)*
2. Аңшы көлде жүзіп жүрген үйректерді бір оқпен атса, көлде неше үйрек қалады? *(қалмайды, бәрі үркіп ұшып кетеді)*
3. Есік пен терезенің арасында не тұр? *(«пен» тұр)*
4. Орыс күнтізбесінде ең қысқа ай қай ай? *(Май- үш әріптен тұрады)*
5. Страус өзін құспын деп айта алады ма? *(Жоқ, ол сөйлей алмайды)*
6. Нені дайындауға болады, бірақ жеуге болмайды? *(жоспарды)*
7. Жасыл доп Сары теңізге құласа не болады? *(су болады)*
8. Қай қолмен шайді араластырған дұрыс? *(шайді қасықпен араластырған дұрыс)*
9. Қандай сұраққа «иә» деп жауап бере алмаймыз? *(ұйықтап жатырсыз ба?)*
10. Жаңа жылда адамдарды жаппай құлататын табиғат құбылысы ? *(мұзтайғақ)*
11. Он жұмыртқа салынған себетті екі рет түсіріп алсаң нешеуі қалады? *(бәрі жарылып қалады)*

Ақылды балапан бүгінгі,
Көркейтер күніңді ертеңгі,
Үйренген өнерін көрсетсін
Бүлдіршін балалар белсенді - ендігі кезекті
**Құлыншақ тобының бүлдіршіндеріне берейік.**
**«Балабақша бақ мекен» әнімен Жанерке Азаматқызы**
**«Сабау» биі**

Келесі кезекте «Балдәурен» тобының өнеріне береміз.

**«Балакандар» әнімен Сапар Сырғалым**

**«Топ топ балакан» Темірбек Айару**

**«Зеңгір көктем» Жанібекұлы Хан**

**«Біз көңілді қуыршақ» Алмас Алтынай**

**Құлыншақ тобының бүлдіршіндеріне берейік.**
**«Біз мектепке барамыз » әнімен Жанарыстанқызы Ясина және Русланқызы Жасмин**
**«Көңілді қуыршақтар» биі**

Қорыта келе бүгінгі көңілді мерекемізді ойынмен аяқтағанды жөн көрмекпін.

**Ойын: «Бәріміз сауаттымыз»** ойыны дегенмен әліппені білеміз бе?

**Шарты:** «А» әрпінен бастап, әліппе бойынша әрі қарай қысқа құттықтау тіркестер айтады. Мысалы, А – Ақшақардай сұлу болайық. Ә – Әрбір үйге Жаңа жыл қуаныш әкелсін. Б – Бақыт тілеймін дегендей тілектер айту.

**«Аэробика» спорттық би**







Музыка жетекшісі: Марат Роза







# «Бақытты баламыз»

«Бала - жұлдыз» ән-би үйірмесі







# Анықтама

**Тақырыбы: «Берекелі, мерекелі Алтын күз!»**

**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін сезіндіру.Қойылым арқылы жомарт күздің байлығын,табиғаттың тамаша көрінісін бейнелей білуге үйрету.Сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін,белсенділіктерін арттырып, ұйымшыл, дос болуға тәрбиелеу.

**Қатысушы топ:**« Балдәурен» ортаңғы тобы
**Күні:** 9.11. 2023 ж
**Қатысқаны:** 22 бала
**Тәрбиешілер:** Беденова Г, Үмертаева М, Душанова А

Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай- балабақшасы КММ
меңгерушісі: ____________
Э.Ж. Нұрмағанбетова

**«Берекелі, мерекелі Алтын күз!»**
**«Балдәурен» ортаңғы тобы**

**Тәрбиешілер:** Беденова Г
Үмертаева М
Душанова А

**Қараша 2023ж**

**Тақырыбы: Берекелі, мерекелі Алтын күз!**

**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін сезіндіру.Қойылым арқылы жомарт күздің байлығын,табиғаттың тамаша көрінісін бейнелей білуге үйрету.Сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін,белсенділіктерін арттырып, ұйымшыл, дос болуға тәрбиелеу.

**Алтын күз:**

-Алтын, алтын, сары алтын
Алтын күзде –нұр жатыр
Жомарт күздің байлығы
Қамбам толып астыққа

-Айнала сондай керемет!

-Күзгі ауа, күзгі көрініс,бәрі әдемі!

Менің күзім,байлығым, жемістерім, көкөністерім әбден пісіп кетіпті, жинап алайын.

( Дыбыс естіледі,кірпінің, күзгі жапыраққа оранған кірпіні көреді)

**Алтын күз:** -Ой,кірпіжан, неғып бүрсиіп отырсың? Тоңып қалмадыңба? Көңілің неге жабырқау?

**Кірпі:** -Жоқ, мен тоңбадым. Мен тоқпын. Бірақ достарым жоқ. Көп достарым болса ғой!

**Алтын күз:** -Ааа солайма, жарайды, кірпіжан! Сен еш қамықпа, мен саған достар табуға әрине көмектесемін.

-Менімен бірге жүрші... (Бір айналып келеді)

**Қарақшы әндетіп:**

Жеміс-жидек пісіп жатыр,
Түсіп жатыр бау-бақта.
Жапырақтар ұшып жатыр,
Түсіп жатыр жан-жаққа

-Мен бау-бақшаның қарақшысымын.Көктем шыға осындамын.Жаз бойы бақшаны құстардан, жәндік терден қорғаймын.

Дәмді піскен жемістерім мен көкөністерімді Алтын күзге беремін.

**Алтын күз:**-Сәлем, Қарақшы! Менің жемістерім, жидектерім, көкөністерім пістіме?

**Қарақшы**:- Әрине, әрине, жаз бойы бәрінен қорғап,өзіңе жіберейін.

(Ж. К. Алтын күзге келіп, құшақтайды,орындарына тұрады)

-Міне кірпіжан, бізге көп достар келді.Енді сен жалғыз емессің. Достарың көп...

-Бәрің тату боп,бірге дос боласыңдар.

**Кірпі:**

- Алақай, алақай!

Мен қатты қуанып тұрмын.

Осы кезде қиқулаған тырналар дыбысы естіледі.

**Балалар:** -Бір дыбыс есіліп тұр, ненің дыбысы ?

**Алтын күз**: -Иә, ненің дыбысы болды екен? Қайдан естіледі?

(Айналаны қарап,іздей бастайды,Анау жерде жапырақтарға оралған,көлшіктегі тырналарды көреді)

**Балалар:**

-Міне,міне, таптым,таптым, құстар, тырналарғой!

**Алтын күз:** -Иә, бұл тырналар ғой! Өздері тоңып, жаурап қапты. Жылы жаққа ұша алмай қалған ғой!

Кәне, көмектесейік. Тырналарды жанымызға алайық.

(Бәрі жүгіріп,жапырақтан тазартып, сипап, жылуын беріп,алып келеді. Бір ұл, бір қыздан қолынан ұстап,ортаға келеді.)

**Тырна апай:**

-Алтын күз, достар, сендерге көп рахмет! Бізді суықтан құтқардыңдар. Қатты жел тұрып, жылы жаққа ұша алмай, қалып қойған едік.

**Алтын күз:**

-Жарайды, тырналар,еш қапаланбаңдар. Бізбен бірге берекелі, мерекелі Алтын күзді тойлайық!

**Хор: «Күзге сәлем»**

**Алтын күз:**

-Кірпіжан,қарашы, достарың көбейді, керемет ән шырқады.Көңіл-күйің қалай?

-Олай болса, жалғастырайық, достарыңның Алтын күзге арнаған өнерлерін бірге тамашалайық.

**Тақпақтар:**

**Әлихан- жүзім**

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

**Нұғыман-жүзім**

Мерекелі, берекелі
Келді алтын күз
Жайма шуақ күнде
Келді жарқын күз

**Хан-сәбіз**

Күзде жауын, бұлт тұман
Сары жапырақ жауады.
Сары құйын ұйытқып
Сапырады ауаны.

**Мансур-сәбіз**

Қызыл,сары жапырақ
Көз тартады атырап.
Қандай әсем айнала,
Қараңызшы бақылап

**Нұрасыл-картоп**

Жеміс толы айнала
Астық толды қамбаға
Алтын күзге арналып
Айтылады жыр- әнім

**Рамазан-картоп :**

Сары-сары-сары
Айналаның бәрі
Сары-сары-сары
Алтын күздің бағы

**Нұрлыбек-алма**

Күз мезгілі келді
Салқын түсер енді
Суық-суық дала
Тоңып қалды бала

**Әли-алма:**

Сәлем, сәлем
Алтын күз!
Жаны жомарт
Жарқын күз!

**Ибрагим, Сұлтанали:**

Молшылық күз
Береке күз
Береке күз,
Мерекеңіз!

**Жеке ән: «Қолшатыр»**

**Орындайтындар:** Нұрлыбек, Алтынай

**Тырна апай:**

-Менің кішкентай тырналарымның өнерін көрейік, тамашалайық.

**Сафия:**

Көбейді құт береке,
Астық толды қамбамыз

Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

**Алтынай:**
Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

**Айару:**
Күзімау, күзім-ау
Мінезің бұзық-ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау

**Әмина:**
Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

**Анель:**
Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз

**Шұғыла:**
Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде

**Жеке ән: «Кап-кап» Орындайтын: Сафия**
(Фонда төрт қыз билейді.)
Бағжан, Мадина, Қарақат, Кәусар

**Би: «Жемістер мен көкөністер»**
**Жеке ән: «Күз келгенде»**

**Орындайтын:** Айару, Анель, Әмина
**Би: «Тырналар»**
**Ойын:**
**Кірпі:**
-Алтын күз, достар!
Бүгін қызық,тамаша күн болды. Маған ұнады, достар сендерге көп рақмет!
**Жеке ән: «Жапырақ» әні**
**Орындайтын**: Мүсілім мен Әлихан
**Алтын күз:**
Мінекей, кірпіжан көп достарымен бірге мерекелі, берекелі алтын күзді тойлады.
Күз мезгілінің тоқшылығы мен молшылығы арта берсін!
**Хор: «Күзгі вальс»**















«Берекелі, мерекелі
Алтын күз»
«Балдәурен»
Ортаңғы тобы

**Тақырыбы: «Сәлем сағап, балабақшам!»**
**Мақсаты:** Балаларға 1-қыркүйек білім күні туралы түсінік беру. Өз туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Білімге деген құштарлығын арттыру, білімді, тәрбиелі азамат болуға тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:**
Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің!
Таулы орман,жасыл жайлау көлім менің
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті.
Тәуелсіз Қазақстан-елім менің!

**Қазақстан Республикасының Гимні орындалады.**
**Тәрбиеші:**
Бүгін қандай шаттық тола күн еді,
Бүкіл әлем ерекше бір түледі
Балаларын жетектеген ата-ана,
Қуаныштан жарылардай жүрегі
Олай болса, бүгін ерекше күн! Бүкіл әлемге белгілі 1 қыркүйек-білім күні баршаңызға құтты болсын! Бұл күн жаңа өмірдің баспалдағы.
Бүгіннен бастап білімді, тәрбиелі азамат болу үшін білім алуларың керек.
Бүгінгі күннің ертеңімен болашағы, сенімді ұрпағы, яғни біздің кішкентай бүлдіршіндерімізге сәттілік тілеп, ақ тілегін арнайтын балабақшамыздың меңгерушісі Эльмира Жалпақбайқызына сөз кезегін береміз.

**Тәрбиеші;**
Әрқашан дос біргеміз
Ажырамас іргеміз-деп , дос болуға шақыра білген Жасмин мен Томирис қыздарымызды **«Дос болайық»** әнімен қарсы алыңыздар.

**Жеке ән: « Дос болайық»**

**Тәрбиеші:**
Өмірдің бейбіт бағы бұл,
Асудан асып асқарлы
Мінекей биыл тағы бір
Жаңа оқу жылы басталды-деп біздің бүлдіршіндер жаңа оқу жылына жылы лебіздерін арнайды?
**Тақпақтар:**
**Ханшайым:**
Білімнен жұпар жинаймын

Еліме бақыт сыйлаймын
Жүрекпен сүйіп Отанды
Жүректен мәңгі жырлайын

**Айзере:**

Әлемдегі барша жұрт,
Бас иеді білімге.
Білім күнін карсы алып,
Қыркүйектің бірінде.

**Айсұлтан:**

Кел балалар,оқылық
Окығанды көңілге
Ықыласпен тоқылык
Оқысаңыз балалар
Шамнан шырақ жағылар
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

**Арман:**

Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге

**Б Әлинұр**

Өмірдің бейбіт бағы гүл
Асудан асып асқарлы
Мінекей,биыл тағы бір
Жаңа оқу жылы басталды.

**София:**

Кел-кел досым бақшаға,
Естимісің үнімді
Сауат ашып, тіл дамытып,
Үйренейік білімді.

**Әлихан:**

Әлемдегі барша жұрт

Бас иеді білімге
Білім күнін қарсы алып
Қыркүйектің бірінде.

**Тәрбиеші:**
Келесі кезекте **«Құлыншақ»** тобының көңілді биіне кезек берейік.

**Көңілді би** Топ-топ балақан

**Тәрбиеші:**
**«Ән- көңілдің ажары»** демекші кіп-кішкентай бүлдіршіндер әсем ән жолдайды.

**Жеке ән: «Топ-топ, балақан»** Көңілді би. Би

**Орындайтын:** Сырғалым, Көзайым

**Тәрбиеші:**
Балалық бал күндерін «Қуыршақ» әнімен жеткізетін Адина мен Айзере қыздарымызды қарсы алыңыздар.

**Жеке ән: «Қуыршақ**

**Тәрбиеші:**
Келесі кезекте **«Құлыншақ»** тобының бүлдіршіндерінің білім күніне арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар

**Тақпақтар:**

**Зейнұр:**
Өсті міне бойымыз
Өсті міне ойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз.

**Тәрбиеші**
Баршамызды бала тілмен баурайтын,
Бала деген бір бақыт қой самғайтын
Ата-ананың арманы мен тілегін,
Бала емеспе бал бұлақтан жалғайтын
Бала тілімен әсем ән жолдайтын **Жанерке** қызымыздың **«Біз бақытты баламыз»** әнін қарсы алыңыздар.

**Жеке ән:** «Біз бақытты баламыз»

**Хор: «Үйретеді-үйретеді»**

# Анықтама

**Тақырыбы: Сәлем саған, Балабақшам!**

Отанды біз сүйеміз.
**Топқа бөлу**.( коржыннан асық алу арқылы.)
Балалар алған асығымыздың түсіне карай столдарға барамыз. Ол жерде ойындар бар.

1. «Көк тудың бейнесін жапсыру.»
Үрленген шарға күн мен қыран құстың бейнесін орналастырып жапсыру.
2. « Бәйтерек- Астананың символы.»
Түтікшелерден құрастыру.
3. « Менің Қазақстаным.» Плакатка алақанмен бастырма арқылы колтаңба калдыру.
(Балалардың жұмысын бақылап, жеке жұмыс жүргізу.)

- Жарайсыңдар балалар, керемет жұмыстар жасадыңдар. Рақмет.
- Кішкентай жүректеріңнен шыққан тілектерің қабыл болсын, Отанымыздың адал азаматы болып өсіңдер.
«Атамекен» әні.


Менің Отаным-Қазақстан!
Алтын кілт ересек тобы
Тәрбиеші: Қали Д.

# Анықтама

**Тақырыбы: «Мәңгілік жаса қыран елім-Қазақстан!»**

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Туған жер, Отан туралы өлең жырларын айту арқылы еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.
Мәнерлеп айту дағдыларын қалыптастыру.
Балаларды дос болуға, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Қатысушы топ:**« Құлыншақ» ересек тобы
**Күні:** 24.10. 2023 ж
**Қатысқаны:** 22 бала
**Тәрбиеші:** Бекмұрза Б

Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай- балабақшасы,КММ меңгерушісі: ____________
Э.Ж. Нұрмағанбетова

**«Мәңгілік жаса қыран елім-Қазақстан!»**
**«Құлыншақ»** ересек тобы

**Тәрбиеші: Бекмұрза Б**

**Қазан 2023ж**

**Тақырыбы: «Мәңгілік жаса қыран елім-Қазақстан!»**

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Туған жер, Отан туралы өлең жырларын айту арқылы еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

**Зал мерекеге сай безендірілген**.

Әдемі әуенмен балалардың залға кіруі.

**Әнұран айту.**

**Жүргізуші:**

-Қымбатты ата-аналар, апайлар, әріптестер, балғын бүлдіршіндер!

Республика күніне арналған **«Мәңгілік жаса қыран елім-Қазақстан!»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

-Алдымен балабақшамыздың басшысы Эльмира Жалпақбайқызының мерекелік жылы лебізін тыңдайық.

Көгінде күн нұрын төккен
Жерінде гүл жұпар сепкен
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем!

**Хор: «Мақтаным-Қазақстаным»**

**Жеке ән:** «Біз бақытты баламыз»

Орындайтын: Жанерке

**«Домбыра» биі**

**Тақпақтар:**

**Зиңұр:**

Туған жерде туғанбыз
Ертең жігіт боламыз
Отан ортақ үйіміз
Көңілді ән мен күйіміз

**Дінмұхамед:**

Отан менің ата-анам
Отан досым бауырым
Отан өлкем астанам
Отан туған ауылым.

**Томирис:**

Бақытты ел бұл Отан
Бәріне мен иемін
Біздің Отан ұлы Отан
Ұлы Отанды сүйемін.

**Әлинұр Т**

Қазақстан, Қазақстан
Тәуелсіз ел бақытты.

Қазақстан, Қазақстан
Сәбиміз біз бақытты.
**«Торсық» биі**
**Жеке ән: «Қазақстан»** Орындайтын: Абай, Дінмұхамед
**Тақпақтар:**
**Інжу:**
Сен дегенде Қазақстан
Жүректен от лаулап ұшқан
Гүлдей жайнап құлпыра бер
Тәуелсіз ел Қазақстан!

**Ясина:**
Әнұран боп әніміз
Оңнан туды таңымыз
Қазақ болып туылған
Бақыттымыа бәріміз

**Мақсат:**
Сарқылмайтын қуатым
Тірегім сен Отавным
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегім сен Отаным

**Абай:**
Бақытты боп жүргенім
Сенің арқаң ұлы Отан
Елім менің тірегім
Құшағында гүл атам

**Жанерке:**
Біз Отанның бөбегі
Бал-бұл жанамыз
Еркелеткен біздерді
Отан анамыз.
**Жеке ән: «Достық жыры»** Орындайтын: Ясина
**Би: «Біз бақытты баламыз»**
**Хор: «Қызылорда»**

# Мақтанышым - Қазақстаным













*Бекітемін:*
*№7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай – балабақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі:*
*________ Э.Ж.Нұрмағанбетова*

# «Наурыз думан мереке!»
# ертеңгілік сценарийі

**Музыка жетекшісі: Марат Роза**
**Қатысушы: Барлық топтар**

**19.03.2024 жыл**

**Анықтама**

**Тақырыбы: «Наурыз думан мереке!» сценарийі**

**Мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, жөн-жоралғыларын бала бойына әдептілік және салғырлық, адами қасиеттерін қалыптастыру. Аталы сөзден ғибрат алуға баулу және ұлттық мақтаныш сезімдерін ояту. Көрініс арқылы өнеге мен тәрбиені неден алу керектігін үйрету. Салт-дәстүрімізді барша қауымның кәдесіне жарату. Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Қатысушылар: Барлық топ**

**Ұйымдастырушы музыка етекшісі Марат Роза**

**«Наурыз думан мереке!» сценарийі**

**Мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, жөн-жоралғыларын бала бойына әдептілік және салғырлық, адами қасиеттерін қалыптастыру. Аталы сөзден ғибрат алуға баулу және ұлттық мақтаныш сезімдерін ояту. Көрініс арқылы өнеге мен тәрбиені неден алу керектігін үйрету. Салт-дәстүрімізді барша қауымның кәдесіне жарату. Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Жүргізуші:** Шықсыншы жүректерден өлең-керім,
Той-тойла қыз бен жігіт желеңдерім,
Еліне наурыз-думан тойы келді,
Армысың, асыл халқым кемеңгерім.

Еңбекте өнерделе жарыс жылы
Болсыншы келген жылың табыс жылы.
Елдікке, ерліктерге шақырғандай
Халайық, құтты болсын Ұлу жылы!

Ел болмас қиындықты жеңе білмей,
Зейнетін көр, бейнетін көре білмей.
Күн мен түн табиғатта теңесіп тұр,
Көрейін ел қызығын дегеніндей.

Еңбекпен таси берсін берекеміз,
Табысты тек өзіміз көл етеміз.
Жел ессін айдарынан мәрт елімнің
Құт әкеп Наурыз-думан мерекеміз!

- Жаңа күннің жылуы, тіршіліктің тамыр тегі, жылдың басы – Әз Наурыз құтты болсын! Жиделі Байсын жерінен, төменгі Сырдың елінен, қасиетті Қазалы жерінен, балабақшамыздың төрінен түндік ашқан құрметті қонақтар! Рухани тарихтың төл басы – Наурыз мерекелеріңіз құтты болсын!
- Елің еңселі болсын, ақ көп болсын! Адамзаттың ағары, кіршіксіз күндеріңіз көп, несібе ырзықтарыңыз мол болғай!
- Жер – Ананың жүрегі, адамзаттың тілегі - деп соғады емес пе?! Олай болса құрметті қауым барлықтарыңызды Наурыз мерекелеріңізбен құттықтап, лебіз ниетін білдіру үшін Эльмира Жалпақбайқызына сөз кезегін ұсынамыз.

- Жаңа күн құтты болсын! Жаңалықтың жаршысы, жетістіктің желегі, мәңгіліктің мәнері – Наурыз!

**Әжелер тобы: «Беу, айдай» қ.х.әні**

**Жүргізуші:** Наурыз – жылдың басы!

Наурыз – бүгіннің бүршік бесігі!

Наурыз – тарихтың көшбасшысы!

Наурыз – бабалар әпсанасы!

- Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар бұл күні шаттанбайтын, мейірленбейтін, қуанбайтын адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім сұрау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар осындай жақсы өнегеден үлгі алған.

Ақиқаты Алашымның асқар шың,
Бақыт тойын бірлігіміз басқарсын.
Ән әуелеп, күй күмбірлеп, би балқып,
Наурыз-думан мерекеміз басталсын.

Құрметті қонақтар, қадірлі әжелер мен аналар және де кішкентай бүлдіршіндер! Бүгінгі мерекелік ән-шашуымызды бастаймыз!

1. Алтын кілт тобының **Ереуілдік салт-дәстүрі**не кезек береміз
2. **«Қасиетті мереке»** Алтын кілт ересек тобы Құрманғазы Ханшайым

**Жүргізуші:** Қонақтар бүгін жиналған,
Ортамызды ашайық.
Әсем биді өрнектеп,
Інжу - маржан шашайық

3. **«Сабау» биі** Құлыншақ ересек тобы бір топ бишілер
4. **«Әжем менің тамаша»** Балдәурен ортаңғы тобы Әлімжан Әмина
5. Күншуақ тобының **«Шілдехана» салт – дәстүрі**не кезек береміз
6. **«Әжемнің шайы»** Күншуақ ортаңғы тобының бүлдіршіндері Алтынбекқызы Аяна, Аймырза Арсен.
7. **«Аспаптар» әні** Алтын кілт ересек тобыны бүлдіршіндері
8. « » Күншуақ тобы
9. Балдәурен тобының **«Шашбау тағу»** рәсімі
10. **«Әжеме»** Балдәурен тобының бүлдіршіні Сапар Сырғалым

**Жүргізуші:** Жүрсіңдер Наурыз тойға басып аяқ,
Қалыс адам қалмасы некен саяқ.
Ән шырқап, би билейік қауым болып,
Тұрмайтын уақыт келді өнерді аяп – деп ортамызға

11. **«Қазақ бимен»** Алтын кілт тобының бүлдіршіндері

12. **«Әжеме»** Құлыншақ ересек тобының бүлдіршіндері Асқар Томирис, Даулет Айым, Жами Айзат.
13. **«Қыз қуу»** ұлттық ойыны Балдәурен тобы
14. **«Ашамайға мінгізу»** рәсімі Құлыншақ ересек тобы
15. **«Домбыра»** Құлыншақ ересек тобының бүлдіршіндері Жанарыстанқызы Ясина, Болат Димаш
16. **«Наурыз көктем»** Құлыншақ тобы
17. **«Бұқа тартыс»** ұлттық ойыны дене шынықтыру нұсқаушысы Түменбай Айман

**Жүргізуші:** Бәйшешектей қыр астынан табылған,
Баршамызды қуанттың сен, Әз -Наурыз!
Мейірленіп шапағатты нұр шаштың,
Көңілдерді жұбаттың сен, Әз -Наурыз!

Наурыз тойы тағы да құтты болсын!
Дендеріңіз сау, мықты болсын!
Келер жылға аман - есен болайық!
Баршамызға тілегім осы халайық!

# «Наурыз думан мереке!»













**Музыка жетекшісі:**

**Марат Роза**

№ 7 «Балдырған» санаториялық

бөбекжай-балабақшасы, КММ

меңгерушісі ____________

Ә.Ж. Нұрмағанбетова

# «Рәміздерім-мақтанышым.»

**«Алтын кілт», «Құлыншақ»**

**ересектер тобы.**

**Тәрбиешілер: Қали Дәмегүл.**

**Изенова З.**

**Мәмбетова Ә.**

**2024 жыл**

**Анықтама**

**Тақырыбы: Рәміздерім – мақтанышым.**

**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін арттыру. Рәміздердің маңыздылығын түсіндіру. Патриоттық сезімді, отанға деген сүйіспеншілікті арттыру. Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту.

**Қатысқан топтар:** « Алтын кілт», « Құлыншақ» тобы.

Күні: 4.06.2024ж

**Бала саны:** 30

**Тәрбиешілер:** Қали. Д

Изенова. З.

Мәмбетова. Ә.

# Тақырыбы: Рәміздерім – мақтанышым.

**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін арттыру. Рәміздердің маңыздылығын түсіндіру. Патриоттық сезімді, отанға деген сүйіспеншілікті арттыру. Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту.

**Әдемі әуенмен балалар залға кіреді.**

**Әнұран айтылады.**

**Жүргізуші: Қымбатты апайлар және балғын бүлдіршіндер!**

Бүгін ерекше күн, Қазақстан Республикасының күні.Еліміздің тұғыры биік, аспанымыз ашық болсын деген тілекпен «**Рәміздерім – мақтанышым.»** атты ертеңгілігімізді ашып беру үшін сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Эльмира Жапақбайқызына береміз.

1. **Хор:** «Қазақстаным – Отаным.»

**Жүргізуші:** - Балалар біздің ұлтымыз қандай?

- Қай тілде сөйлейміз?

- Балалар қараңдаршы ненің суретін көріп тұрсыңдар?

- Ия бұл Қазақстан Республикасының туы.

- Бұл не?

- Бұл біздің елтаңбамыз.

- Балалар рәміздерге нелер жатады?

- Елтаңба,Ту,Әнұран жатады.

Балалар мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын,ұлттық салт-санасын, қахармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Бүгінгі Рәміздер мерекесіне арналған балалрымыздың жылы лебізін тыңдайық.

**Арман:** Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке

Егеменді халқымның

Болашағы бірлікте.

**Айзере:** Рәміздерім-елдігімнің белгісі,

Білу керек-бала-дағы ең кіші.

Рәміздерім-Әнұран,Ту, Елтаңба,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

**Айбек:** Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Аспанға іліп қояды.

**Азамат:** Әнұраным –жан ұраным
Айтар әнім, сөйлер сөзім
Туған жерім сағынарым
Бақыт - бірлік күн талабы.
Тоқтамайды дабыр әні
Мәңгі бақи шырқалады
Республикам Әнұраны!

**Жүргізуші:** Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан біздің туған жеріміз. Ендеше Отанға деген сүйіспеншілігімізді керемет әнмен жеткізсек.

**Жеке ән:** «Отаным» әнін орындайтын **Жанерке мен Тамирис** балақайларымызды шақырамыз.

Мерекеге арналған жылы лебіздерін тыңдайық.

**Зиңұр:** Әнұран боп әніміз,

Оңынан атты таңымыз.

Қазақ болып туылған

Саясатты жанымыз.

**Дінмұхаммед:** Отаным бар мен бармын.

Қазағым барда,

Ынтымақты ту еткен.

Қазағым алға.

**Р. Жасмин:** Отан-туған еліміз

Атамекен-жеріміз,

Елімнің ертеңгі иесі біз.

**Жүргізуші:** Қазақстан,Қазакстан,

Жаса менің ұлы далам мәңгі

Қазакстан,Қазакстан

Мақтанышпен арнадым мен әнді.

**Жеке ән:** «Тәуелсіз қазақтың қызымын.» **Айзере.**

Бүгінгі мерекеге арналған кішкентай бүлдіршіндеріміздің жылы лебізін тыңдасақ.

**Томирис:** Бақытты боп жүргенім ,

Сенің арқаң ұлы Отан

Елім менің тірегім,

Құшағында гүл атам.

**Жанерке:** Сарқылмайтын қуатым,

Тірегім сен Отаным,

Мәңгі соғып тұратын

Жүрегім сен Отан.

**Інжу:** Отан- менің ата-анам,

Отан- досым бауырым,

Отан- өлкем астанам,

Отан-туған ауылм .

**Би:** «Жаса Қазақстан.»

**Жүргізуші:** Бірлігі мен ынтымағы халықтың,

Көгімізде жарқырайды жарық күн,

Ырыс, дәулет, бақыт үшін жарық күн,

Жайнай берсін, жайнай берсін жарық күн.

**Жеке ән:** «Мақтанышым Қазақстан.» **Зинұр мен Дінмұхаммед.**

**Тақпақтар:** **Рауан:** Тәуелсіз еркін елде біз
Дүниеге келгенбіз.
Көк ту мен елтаңбамыз,
Бар біздің өз теңгеміз.

**Айсұлтан**
**Өтенберген Ақынбекұлы «Қазақстан жалауы».**
Жалауымда көгілдір
Күн күледі төгіп нұр ...
Қыран-бейне –
Қанатты,
Көкке самғар – Елім бұл!

Ілем биік жерге оны,
Қашан дағы төрде орны!
Әжем басқан сырмақтай –
Әшекейлі өрнегі ...

Елміз байтақ, іргелі,
Қуатты да жүлделі ...
Аспандаса Жалауым,
Аласартар кім мені?!

**Айбар:** Елтанбасы елімнің

Неткен әйбат,әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі

**Ханшайым:** Желбірейді шалықтап

Қазакстан жалауы.

Көкке кыран калықтап,

Қанат қағып барады.

Көк аспанда нұрлы Күн

Күлімдейді далама.

Бакыт тілеп тұр бүгін , Ол барлык балаға.

**Аршат:** Бейнелеп сан ғасырды

Елтаңбасы елімнің,

Таратады хас үлгі

Киесіндей жерімнің.

**Б.Әлинұр:** Бабам тұлпар жаратты,

Құлынында танып-ак.

Тұлпар барда канатты,

Шайкалмайды шаңырақ.

Тәуелсіздік көркі ол ,

Өркениет өрінде.

Нұр төгеді ЕЛТАҢБА

Ак орданың төрінде.

**Ойын:** «Кім тапкыр.»

**Жеке ән:** «Мен елімнің гүлімін.» Адина.

**Би :** «Торсык.»

**Қорытынды:** Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет- ғұрыпты, салт- дәстүрді қастерлеу .

**Хор:** «Атамекен»

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет.


"Рәміздерім-мақтанышым"

Бекітемін:

№7 «Балдырған» санаториялық

бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі: ____________

Э.Ж.Нұрмағанбетова

# Сары алтындай сары күз !

**«Бүлдіршін » кіші тобы**

**Тәрбиеші : А. Суюнтаева**

**2023-2024 ж**

Анықтама

Тақырыбы: «Сары алтындай сары күз»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, ән айтып,би билеуге деген ынталарын арттыру. Күз мезгілінің өзгерістері мен ерекшеліктерін ұғындыра отырып ,күз сыйымен , олардың ағзаға пайдасы жөнінде түсіндіру.

«Бүлдіршін» кіші тобы.

Қатысқан бала саны:15

Өтілген уақыты:8. 11. 2023 ж

Тәрбиешілер: А. Суюнтаева . Рашева .Ү. Нұрғизаринова .М

# Сары алтындай сары күз !

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көніл күй сыйлау.ән салуға , би билеуге деген ынталарын арттыру .Күз мезгілінің өзгерістері мен , ерекшеліктерін ұғындыра отырып , күз сыйымен , олардың ағзаға пайдасын түсіндіру.

Құстардың дауысы, шығып, әуенмен **Құстар билеп шығады.**

. **Балалар :Салих, Інжу, Аяжан, Аяна, Айханым, Альбина ,Асылым,**

Күн гүркіреп, жаңбыр жауып әуенмен **жапырақтар** билеп шығады.

**Балалар:Раяна, Азиз, Ислам. Ерасыл, Жаннар, Алинұр**

Балалар дөнгелене тұрады.

Әдемі әуенмен **Алтын күз** кіреді. Ортада дөңгеленіп билейді.

**Тәрбиеші; Ой** балалар бізге кім келді екен ? Саламатсыз ба?

**Алтын күз;** Саламатсыздарма балалар ? Мен Алтын күзбін.Орман тоғайды Аралап , барлық жерді сары , қызыл бояуға боядым.жемістермен, көгеністерді , егінді пісірдім.Жапырақтарды түсіріп,құстарды жылы жаққа шығарып салдым .Енді міне сендерге де жеттім.

**Тәрбиеші;** Я ұшырған жапырақтарыңыз ұшып келді. Жылы жаққа жіберген Құстарыңыз билеп ұшып өтті. Қош келдіңіз ! Төрлетіңіз. Балалардың сізге арнаған ән жыры бар.

**Хор: «Алақай күз келді.»**

**Інжу:** Келді міне күз ,

Айнала сары түс.

**Аяна:** Керемет тамаша ,

Қандай әсем күз.

**Салих** :Күз байлық береке,

**Әлинұр:** Алтын күз мереке.

**Абзал:** Астық пісті, қойма дәнге толды.

**Альбина:** Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр-сыбдыр түседі.

**Раяна:** Берекесін сыйлауға,

Ортамызға күз келді.

**Азиз :** Күзім- ау, күзім – ау,

Мінезің бұзық ау.

Жаңбырың сіркіреп,

Тұрғаның қызық ау.

**«Алтын күз»** Жарайсыңдар балалар ! Қандай күшті балаларсыңдар?

Мен сендерге достарымды ерітіп келдім.

**Әуен ойналып «Жеміс ағашы »билеп кіреді.**

**Жеміс ағашы:** Саламатсыңдар ма балалар ?Мен жеміс ағашымын. Күз келіп **Мені пісірді.** Менің бойымда дәрумендер көп.

**Тәрбиеші:** Жемістерді алып балалардан сұрап, аттарын айтқызады.

**Әуен ойналып , «Бидай »** келеді. Ортада билейді.

**Саламатсыңдарма балалар? Мен бидаймын.** Күз келіп мені пісірді.

Мен сендерге өз сыйымды ала келдім. Әкелген сыйын стол үстіне қояды.

**Тәрбиеші:**Ой қандай тамаша!

Жемісі мол беретін ,

Күз дос екен бізбенен.

Бәрін тауып беретін,

Жомарт екен күз деген.

Рақымет сізге «Алтын күз».

Тәрбиеші:»Алтын күздің » сыйымен ойын ойнап көрейік.

Ойын: «Кім тапкыр»

**Максаты:** Балалардың сөздік корын кеңейту. Жеміс - жидекті танып, атай білуге үйрету.

Харовот: Барлығы бірігіп билейді.

Тәрбиеші : Жарайсыңдар балалар. Рақымет сендерге . Бүгін «Алтын күз» бізге дәмді жемістері мен тәтті нандарын акелген екен .Кәне бәріміз дастарханға барайык. Дәмнен ауыз тиейік.

Бүгінгі ертеңгілігімізге атсалыскан ата-аналарға мың ракымет!





«Бүлдіршін»
тобы




«Сары алтындай сары күз»





№ 7 «Балдырған» санаториялық

бөбекжай-балабақшасы, КММ

меңгерушісі: ______

Э.Ж. Нұрмағамбетова

# «Тілім менің – тірегім!»

## «Алтын кілт», «Құлыншақ»

## ересектер тобы.

Тәрбиешілер: Қали Дәметүл.

Бекмұрза Базаркүл.

2023 жыл

**Тілім менің - тірегім!**

**Мақсаты:** Балаларды туған тілін сүюге, оны қорғауға, ана тілін, ұлтын қастерлеуге тәрбиелеу. Тілдің бала өміріндегі құдіретін таныта отырып ұлттық рухты бойға сіңіру. Өздерінің сезімдерін ән, өлең шумақтары арқылы білдіруге үйрету, сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

**Зал мерекеге сай безендірілген.**

**Мен Қазақпын әнімен балалар залға кіреді.**

**Тәрбиеші:** Танытқан қазағымның қазақтығын,
Танытқан қазағымның азаттығын.
Танытқан қазағымның ғажаптығын,
Айналдым құдіретіңнен қазақ тілім.

Армысыздар, құрметті балабақша ұжымы, балғын бүлдіршіндер.

Сіздерді Қазақстан халқының тілдері мерекесімен құттықтаймыз.

Алаулаған алыбына нұр танып,
Қазақ елін бүкіл дүние тұр танып.
Көк байрағың желбірейді төріңде
Әнұраның тұр төрінде шырқалып.

( ҚР Әнұраны орындалады)

**« Тілім менің – тірегім ! »** атты мерекеміздің құттықтау сөзін балабақшамыздың меңгерушісі Нұрмағанбетова Эльмира Жалпақбайқызына береміз.

**Хор: « Қазақстаным Отаным.»**

**Тәрбиеші:** Тілім менің тірегім, дінім менің ,
Тілсіз қалай болады күнім менің.
Өз халқына жетеді өз мәнінде,
Өз тілімде оқылса жырым менің, дей келе бүгінгі мерекеге арнал-

ған балаларымыздың өлең шумақтарына кезек берейік.

**Айсұлтан:** Ана тілім- елдігім,

Ана тілім- ерлігім

Тілді биік құрметтеп,

Тойлап жатыр ел бүгін.

**Расул:** Ана тілім- тірегім,

Ана тілім- жүрегім.

Қасиетті елімнің,

Тек өзің деп білемін.

**Аршат:** Ақыл ойын дананың,

Ана тілден аламын.

Ана тілі ардақты,

Ақ сүтіндей ананың.

**Арлен:** Қазақстан халқының,

Қазақ тілі тірегі.

Ана тілде айтылар,

Әнұраны жүрегім.

**Рахым:** Данамыздың үні деп,

Ана тілін

Ана тілін,

Ана тілін сүйеміз.

**Жеке әи: « Ана тілім.»** Айзере мен Ханшайымды ортаға шақырамыз.

**Тәрбиеші:** Келесі кезекті тағыда балалардың өлең шумақтарына берелік:

**Мақсат:** Қазақ тілі баба тілім,

Қазақ тілі ана тілі, өз тілім.

**Жасмин:** Ана тілім бал тілім,

Өзің барда шырқадым.

Өз тілімде ән шырқап,

Тербеледі бал күнім.

**Абай:** Ана тілім арың бұл,

Ұятың боп тұрады.

Өзге тілдің бәрін біл ,

Өз тіліңді құрметте.

**Ясина:** Туған тілім құндызым,

Шығар биік шыңдарым.

Сазды үнмен шуағы,

Мен анамды тыңдадым.

**Т.Әлинұр:** Ана сүтін ақтаңдар,

Ана тілін сақтаңдар.

Ана тілін үйреніп,

Ата берсін ақ таңдар.

**Тәрбиеші:** Ясина бүлдіршініміздің әсем әнін тыңдап көрейік

**Жек ән: «Ана тілім.»** орындайтын Ясина.

**Би: Қазақ биі .** Бір топ бишілер.

**Тәрбиеші:** Келесі кезекті тағы да балаларымыздың жыр шумақтарына берсек.

**Б.Әлинұр:** Ана тілім ұраным,

Ана тілім құралым.

Ана тілім болмаса,

Болмас еді жыр-әнім.

**Ханшайым:** Өсірген ой білімді,

Сүйем туған тілімді.

Мақсат етем әр сөзін,

Мәнін терең білуді

**Рауан:** Тілім барда мақтанам,

Тілім менің әппақ ән.

Бірлігімді бүгінгі,

Ана тілім сақтаған.

**Нұрлан:** Ана тілім- менің,

Әлдилеген әнім.

Ана тілім- менің,

Ана тілім-жаным.

**Музыка ойналып Тазша бала кіреді.**

**Тазша бала:** -Оо, балалар , мерекелерің құтты болын.

- Қандай мерекені тойлап жатырсыңдар ?

  **Балалар:** Қазақстан халқының тілдері мерекесін.

  **Тазша бала:** - Ендеше маған қазақтың ұлттық ойындарының түрлерін айтып беріңдерші ?

  **Балалар:** Ханталапай, Тақия тастамақ, Қыз қуу, Арқан тарту, Ақсерек,көк серек.

  **Тазша бала:** Жарайсыңдар көптеген ойын түрін біледі екенсіңдер, ендеше «Қыз қуу» ойынын ойнап көрейік.

  **Тазша бала:** Ал балалар ойын өте қызықты болды , әр дайым ұлттық ойындарды ойнап жүріңдер, мен енді сендермен қоштасамын басқада балаларға барып олардың қандай ойын түрін білетінін көрейін.Сау болыңдар.

  **Тәрбиеші: Бауыржан Момышұлы** «Қазақ тілі әр түрлі тілдердің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады. Қазақтар шешен әрі әдемі сөйлеудің шебері.» дегендей қашанда тіліміздің мәртебесін көтеріп, қадір қасиетін қастерлей білейік.

  **Хор: «Егемен ел Қазақстан.»**

  Тілмен ғана қазақ менің тірегім,
  Тату еткен елмен елдің бірлігін.
  Туған тілмен асқақ шығып, ізгі үнім,
  Туған тілде алып жүрміз біз білім.

  Осымен құрметті қонақтар, сүйікті бүлдіршіндер, «Тілім менің – тірегім! » атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

# Тілім менің-тірегім!







«Алтын кілт» ересек тобы







Тәрбиеші: Қали Д.

**Анықтама**

**Тақырыбы: « Тілім менің - тірегім! »**

**Мақсаты:** Балаларды туған тілін сүюге, оны қорғауға, ана тілін, ұлтын қастерлеуге тәрбиелеу. Тілдің бала өміріндегі құдіретін таныта отырып ұлттық рухты бойға сіңіру.

Өздерінің сезімдерін ән, өлең шумақтары арқылы білдіруге үйрету, сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

**Қатысқан топтар:** « Алтын кілт», « Құлыншақ » ересек тобы

Күні: 5.09. 2023 ж

**Бала саны:** 35

**Тәрбиешілер:** Қали Д. Бекмұрза Б.

Бекітемін

№ 7 «Балдырған» санаториялық

бөбекжай-балабақшасы КММ

меңгерушісі: ________

Э.Ж. Нурмағамбетова

# « Шырша, шырша, жайнашы.»

## «Алтын кілт» ересек тобы

Тәрбиеші: Қали Д.

Изенова З.

Қалыбаева В.

2023-2024 оқу жылы

**Анықтама**

**Тақырыбы: «Шырша, шырша жайнашы.»**

**Мақсаты:**Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік лебіздерін тыңдау, өз өнерлерін көрсету арқы лы жаңа жылға деген ықыласы ниетін білдіру. Образдық бейнелерді сомдай білуге үйрету, хормен және жеке ән айту шеберліктерін арттыру.Сахнада өздерін дұрыс ұстай білуге, әдемілікті,сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.Би қимылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтап орындауға төселдіру.

**Қатысқан топ:** « Алтын кілт» ересек

**Күні:** 28.012.2023ж

**Бала саны:** 23

**Тәрбиешілер:** Қали. Д.

Изенова. З.

Қалыбаева. В.

**Тақырыбы: Шырша, шырша жайнашы.**

**Мақсаты:** Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік лебіздерін тыңдау, өз өнерлерін көрсету арқы лы жаңа жылға деген ықыласы ниетін білдіру. Образдық бейнелерді сомдай білуге үйрету, хормен және жеке ән айту шеберліктерін арттыру.Сахнада өздерін дұрыс ұстай білуге, әдемілікті,сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.Би қимылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтап орындауға төселдіру.

( Зал іші безендірілген, әуен ойналып тұр.)

**Әдина : Күлте қыз** (Золушка) шырша жанында сыпырып жүреді.

Екі жақтан екі бала жүгіріп шығады.

**Арман:** Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар !

**Арлен:** Балдырған шаһарында жаңа жылдық бал кешіне шақырымыз.

- Сіздерді бал кешіне шақырамыз.

**Әдина** Күлте қыз : Таң қалып. –Бал кеші менің де барғым келеді ?

- Бірақ мына киіммен қалай барамын. Жұмысымда көп.
  Анасы екі қызын ертіп келеді. ( Ханшайым, қызы Аршат , Таңшолпан қуанып.)
- Біз бал кешіне барамыз алақай !
- **Әдина** Күлте қыз: Менде барайыншы. (Екі қыз күледі,сықылықтап)
- **Ханшайым** Анасы : Саған не бар , жұмыстарың көп , үйді тазалап қой .
  ( сол кезде анасы екі қызды ертіп шыршаның артына барып тұрады)
- **Әдина** Күлте қыз : Мұңайып сыпырып жүреді.
  **( Сиқыршы қасына үш қызды ертіп келеді Айзере,Гүлсезім, Рамина)**
- **Венера Гном:** Күлте қыз сен неге бал кешіне бармайсың ?
- Бүгін Жаңа жыл емес пе ?
- **Әдина Күлте қыз:** Әрине, барғым келеді, бірақ әдемі көйлегім жоқ, жұмысым да көп. Деп мұңайып қалады.
- **Венера Гном:** Күлте қыз сен ренжіме , мен саған көмектесемін .
- Күлте қыз сенің көңілің түспесін , менің қыздарыммен бал кешіне баруға дайын бол !
- Қане қыздарым ортамызға дөңгеленіп Күлте қызды алайық.
- Ал Күлте қыз менім сиқырымды көресің.
- Ақалай, мақалай суфф. (музыка ойналады )
- Ой Күлте қыз қандай әдемі болы кеттің.(осы жерде қыздар айналады)
- Енделше қыздарым бал кешіне бәріміз бірге барайық.
  **Би: Вальс хоровод.**

( жарты шеңбер болып тұрамыз)

**Жүргізуші:** Зухра **Бүгін келді жаңарып,**

**Алтын кілт тобы шаһарға,**

**Би билейді, ән салып**

**Жасыл шырша жанында,**

**Сәлем бізден баршаға**

**Құттықтаймыз жар салып,**

**Бүгін бізде жаңа жыл**

**Қош келіңіздер шыршаға,**

**Шырқалады әніміз**

**Ата - аналар сіздерді,**

**Құттықтаймыз бәріміз.**

**А.Әлинұр:** Құрметті қонақтар бүгінгі «Алтын кілт» тобының бал кешіне қош келдіңіздер.

**Айсұлтан: Бүгінгі жаңа жыл кеші ерекше өтуі тиіс. Сондықтан мерекелік тілек кезегін шаһарамыздың ханшайымы Эльмира апайымызды ортаға шақырамыз.**

**Хор : « Аппақ, аппақ, қар аппақ.»**

1.Аппақ, аппақ, қар аппақ.

Айналаның бәрі аппақ,

Аппақ үйлер қалада,

Аппақ орман далада.

2. Қызу еңбек далада,

Қызығуда бар бала,

Мәз мейрам боп шуылдап,

Жасап жатыр аққала.

1. Аязда да тоңбаймыз,

Жығылсақ та қоймаймыз,

Қызыққа еш тоймаймыз,

Кешке дейін ойнаймыз

4.Сырғанаймыз далада,

Коньки шаңғы, шана да

Қар атысып ойнаймыз,

Қыс қызығын тойлаймыз.

**Жүргізуші:** Кешке жиналған ханымдар мен ханшайымдар, бал кешін қуанышқа бөлеу үшін **Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.**

**Аяз ата мен Ақшақардың келуі.**

**Аяз ата:** Армысыңдар балаларым,

Кіп-кішентай даналарым.

Құтты болсын, балалар,

Келген жаңа жылдарың,

Алаңдамай өсіңдер,

Еркелеп қыз, ұлдарым.

Өткен жылы келіп ем,

Бәріңдіде көріп ем.

Жыл өткізіп келем деп,

Уәдемді беріп ем,

Бүгін міне келіп жеттім шаһарға.

**Ақшақар:** Сүйсіндірер маңайды,

Ақшақармын арайлы,

Жалт- жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын,

Менсіз қыстың сәні жоқ,

Әнмін жырдың, тақпақтың.

**Жүргізуші:** Қош көрдік сіздерді.

Сәлеметсіздер ме !

Бүгін бал кешіміздің, шаһарымыздың сәнінін келтірдініздер.

Бәріміз де жиналып қалдық бірақ шырша шамы жанбай тұр, Аязата сіз көмектесерсіз.

**Аязата?** Әрине бал кеші көңілді өту үшін шырша шамын жағайын, сыйқырыма бар күшімді салайын.

**Жүргізуші:** О керемет неткен сұлу шырша.

**Жаңа жыл Ұлу:** Сәлеметсіздер ме
Мен жаңа жылмын,
Мен Ұлумын,
Шаттыққа бөленіп,
Мен тұрмын қуанып,
Бір жыл бойы сіздермен,
Дос боламын қуантып.

**Ұлу:** Бал кешіне жыйналған ханымдар мен ханшайымдар әсем шыршаны айналып ән шырқарқауға шақырамын.

**Хор: «Аппақ, аппақ жапалақтап.»**

Аппақ,аппақ жапалақтап
Қар жауады тынбастан,
Қалың орман қар жамылған, маужырайды түнгі аспан.
Кең пиілді, мол мирімді, сағынышпен табысқан,
О алақай аяз ата келе жатыр алыстан.
Кел билейік, үйренік, ол келгенше жаңа жыл,
Құтты болсын, құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл.

**Б.Әлинұр:** Кәнекей достар, Аяз атаға арнап ақтілегімізді айтайық.

**А.Әлинұр:** Әнімізді айтып би билейік.

Ендеше ортада достарымыздың жылы тілектерді тыңдайық

**Арлен:** Жылдың әнін бастайын,
Аяз - Ата кеп калды.
Майысады жас кайың,
Көтере алмай көп карды.

**Акайша:** Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

**Айсұлтан:** Аяз Ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.

Қайда қызық болса думан,
Аяз Ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

**Иманғали:** Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол

Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

**Азамат:** Ән саламыз, би билеп,

Жырдан шашу төгілді,

Бүгін біздің жаңа жыл

Қандай қызық көңілді.

**Таншолпан:** Аяз келді каһарлы
Айналаны кар жапты.
Ақ тон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты.

**Аршат:** Жапалактап акша кар
Жауды күнде кайталап
Қырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап.

**Рамина:** Бакша іші мереке,
Ойын күлкі асқақ ән.
Жақсы әпкелер жаңа кеп,
Мерекені бастаған.

**Акшакар:** Жаңа жылдарың құтты болсын !

Жаңа жыл барлыктарыңызға күміс күлкі әкелсін !

Кәне ұлпақарлар сендерде өнерлеріңді көрсетіңдер,

Би-биледер жарқырап.

**Би: « Акшакарлар. »**

**Аяз ата:** Жарайсыңдар ұлпақарлар, сендердің өнерлеріне тамсанып

тұрмын, биылғы жыл карлы болсындеп тілек айтқым келеді. Тағы

кімнің өнері бар.

**Гном Венера:** Күлте қыз шаһардағы бал кеші ұнап жатыр ма ?

**Күлте қыз Әлина:** Бүгінгі мереке маған қатты ұнап жатыр, менде ән айтсам болады ма ?

**Гном Венера: Әрине айта ғой.**

**Жеке ән: Әлина «Қош келдің Аязата, Ақшақар.»**

Жаңа жыл келіп еліме
Қуанышпенен баршаға,
Аязата мен Ақшақар, Келеді бірге ортаға.

Қош келдің, қош келдің .
Аяз ата, Ақшақар,
Сіздер үшін ән салады,
Біздің барлық балалар.

Мерекенің келгеніне,
Қуанышпенен баршаға,
Құтты болсын бұл ағайын,
Құтты болсын жаңа жыл.

**Айбек:** Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың,
Оранды ақ көрпеге,
Асқар тау, қарлы шың.

**Б. Әлинұр:** Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған,
Міне, сұлу шыршамыз.
Көптен күтіп, сағынған,
Кел, балалар, келіңдер,
Тамашаны көріңдер.

**Рауан:** Аяз – ата ақ сақалды,
Ақ таяқты пан ата,

Асып өтіп асқар тауды
Жеттің бізге таң ата.

**Расул:** Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той - маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

**Жүргізуші: Жаңа жылдың шуағына бөленген**
**Балғындардың қуанышы бұл деген,**
**Жаңа жалдың жарқылдаған оттары,**
**Көңілдерге шаттық орнап тұр бүгін.**

**Жеке ән: Айзере « Жаңа жыл вальсі.»**

Жиналып біз бәріміз.
Жасымыз да кәріміз.
Қуанышты жүректері,
Жарасып тұр сәніміз.

К-сы: Кәне достар биге басайық,
Әсем әнге қалықтасын,
Күлімдеп көздерің, жайнасын жүздерің.
Әсерлі жаңа жыл кеші болсын.

2. Бүгін бақыт шаттықта,
Ойнайық та, күлейік.
Бақыт болсын қалықта,
Қане, тұрмай, билейік.

**Би: «Гномдар биі» Айсұлтан,Имангали,Азамат,Аршат,Рамина,Таңшолпан**

**Нұрмұхаммед:** Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жол болсын.

**А.Әлинұр:** Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Жақсылықтың белгісі, жаңа уақыт,
Келіп, міне, жатырмыз, қауқылдасып...
Бірге соғып бар әлемнің сағаттары,
Он екіні күтер, қалмай, тағаттары,-
Ғасырдың он екінші жылы келді,
Құстай ұшып, қырау шалған қанаттары!
Құтты болсын Жаңа жыл, барша қауым,

**Арлен:** Жылдың әнін бастайын,
Аяз - Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

**Нұлан:** Тамаша. тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

**Жеке ән: «Біз көңілді баламыз.» Ханшайым.**

Біз кішкентай баламыз,

Бақшаға біз барамыз,

Ұқсамайтын ешкімге,

Әр қайсымыз дарамыз.

Отанымның ертеңі

Бүгінгі жас өркені,

Біз бақытты баламыз,

Өмірлері ертегі.

Бақшамызда билейміз,

Қызықты әр күніміз,

Биде билеп ән салып.

Жарқын шығар үніміз.

Оқып біліп, үйреніп,

Жалықпаймыз талмаймыз,

Бүгінгіні ертеңмен,

Мына біздер жалғаймыз.

**Би: «Көңілді би» (қыздар биі)**

**Айбар:** Жаңа жыл, жаңа жыл.
Жаңа жылда - жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.

**Е.Әлинұр:** Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа - жыл
Ата - әже, ата - әже
Құтты болсын жаңа жыл.

**Арман:** Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

**Гүлсезім:** Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

**Ханшайым:** Жаңадан тақпақ,

Алдық біз жаттап,

Жаңа жыл келді,

Жаңа жыл аппақ,

Шыршаға бардық,

Әсем ән салдық

Аяз атадан,көп сыйлық алдық.

**Жеке ән: Аршат . «Қыс келді.»**

Тамаша аққала.

Көңілді көп бала

Сырғанақ қарынан,

Жүзінен нұр ойнап.

Аппақ қар айнала,

Жауып тұр жәй ғана.

Қыс келді, алақай

Қуан сен балақай.

Әкелгенеи мамасы

Сүйретіп шанасын,

Бет – жүзі алмадай

Бақытты балақай.

**Хор: «Шырша, шырша жайнашы.»**

Желтоқсанның аяғы

Шырша жайнап тұрады

Ойыншықтар сөреде,

Қалай ғана қалады.

Бір, екі, үш, төрт

Шырша, шырша жайнасы,

Бір, екі, үш, төрт,

Қандай әсем қарашы.

Аяз ата келеді

Жарқын ашық жүзді,

Сыйлық әкеп әрдайым,

Қуантады бізді.

Ортаға –ап шыршаны,

Айгөлекке айналсақ,

Сан жетпейді қарашы

Тікендерін санасақ.

**Жүргізуші:** Біз тілейміз, жаңа жылдық шаттықты,

Біз тілейміз, жаңа жылдық бақытты,

Біз тілеміз, жаңа жылдық достықты,

Бақыт болып жаңа жылым келді ғой,

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа жыл.

Жаңа жыл тек бақ береке әкелсін, аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын ! Балдырған шаһарындағы « Алтын кілт.» тобының жаңа жылдық бал кеші аяқталды.





# Шырша, шырша жайнашы!

## «Алтын кілт» ересек тобы





